

/Wenn das Kind seine Aufgaben erfüllt hatte, durfte es im Garten spielen//

/Когда ребенок выполнял задание, он мог играть в саду//

/Wenn das Kind seine Aufgaben erfüllt hat, darf es im Garten spielen//

/Когда ребенок выполнил задание, он может играть в саду//

Статья посвящена, в основном: конструкциям сложноподчиненных предложений с придаточными времени с союзом /als / в современном немецком языке; анализу языкового материала на основе научно-теоретической литературы по исследуемой проблеме; наблюдениям над порядком слов внутри частей сложноподчиненных одночленных предложений; взаимодействиям лексического и грамматического значения членов предложения.

1. Abdullayev Y. Müasir Aserbajjan dilində tabeli budag cümlələri. Bakı, 1974. 415 s.

2. Yadigar (Veysəlli) F. Fonetika və fonologiya məsələləri. Bakı, 1993. 192 s.

3. Адмони В.Г. Синтаксис современного немецкого языка. Л., 1973. 366 с.

4. Белошапкина В.Г. Сложное предложение в современном русском языке. М., 1967. 160 с.

5. Валимова Г.В. Функциональные типы предложения в современном русском языке. Ростов-на-Дону: Изд-во РГУ, 1967. 332 с.

6. Иванова И.Г., Бурлакова В.В., Почепцов Г.Г. Теоретическая грамматика современного английского языка. М., 1981. 285 с.

7. Шендельс Е.И. Грамматика немецкого языка. М., Издательство литературы на иностранных языках, 1958, с. 368

8. John M. A. Principles of Dependency Phonology. New York, Cambridge, 1977. p. 307

9. Isachenko A.B. und Schädlich H.J. Untersuchungen über die deutsche Satzintonation. Studia Grammatika, VII, Berlin, 1967. s.198

Subordinate clause is a part of the sentence that may be used independently. That's why it saves the same link with main clause which appropriate part of the sentence has.

С. Қ. Суатай

ЛЕКСИКАЛАНУ ҚҰБЫЛЫСЫ ЖӘНЕ АТАУЛЫҚ ТІРКЕСТЕР

Лексикалану мәселесі тілдегі көптеген мәселелермен, тіл бірліктерінің біразымен өзектес болып келеді. Осыған байланысты грамматикада сөз тіркесін синтаксистік тұрғыда оның құрамындағы сыңарларының құрамына ішкі грамматикалық мағынаның сақталу-сақталмауына орай *еркін тіркес*, *тұрақты тіркес* деп бөліп атау қалыптасқан. М.Балақаев «өзара байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер түйдекті тіркестер болады» [1,30] – деп, түйдекті тіркесті синтаксистік тіркестің бір сыңары қатарында есептейді. Осы түйдекті тіркестердің өзін беске бөледі де, *атаулық тіркес* пен *тұрақты тіркес* түйдекті тіркес типіне енеді. Бұл М.Балақаевтың мына тұжырымы тұрғысынан қарағанда, түсінікті болады: «Сөз тіркесінің аясын былай дамытпай, сөз тіркесі емес басқаша тұрғыдан түйдекті тіркес, тіркескен сөздер (сочетания слов) дегендей етіп айырғанда, сөз тіркесі дегеннің оларға және сөйлем мүшелерінің тіркесіне қарама-қарсы қойылатын сипаттары мына анықтамаға сыйып кетеді, сөз тіркесі деп кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, бағы-

ныңқы байланыста айтылған және белгілі синтаксистік қатынасты білдіретін сөздер тобын айтамыз» [1,99]. Яғни түйдекті тіркес, оның ішінде атаулық тіркес пен тұрақты тіркес сөйлеу кезінде жасалмайды, тілдегі дайын лексикалық мағына, сондықтан сөз тіркесінің бір сыңары саналады.

Ал С.Исаев зерттеулерінде жалпы тіркес атаулы: еркін (синтаксистік) тіркес, түйдекті тіркес, тұрақты тіркес болып бөлінеді де, тұрақты тіркестер фразеологиялық тіркес және атаулық тіркеске [2, 67-74] таратылады. Бұдан байқайтынымыз – тілде *тіркес* ұғымының тым кең мағынада, жалпы қолданылатыны, терминдердің бір ізге түспегендігі.

Алдымен, *сөз тіркесі* – синтаксистік тән термин, сондықтан оқулықтарда оны *еркін тіркес* атауымен атаса, фразеологиялық тіркеске (тұрақты тіркеске) қарама-қарсы қабылданар еді де, тұрақталып қалыптасар еді, ал *түйдекті тіркес* термині еркін тіркестің жай және күрделі болуына қарай, күрделену жолы ретінде көрсетілсе тиімді болар еді.

Осылардың ішінде лексикалану ұғымымен көбірек байланысып келетіні – атаулық тіркес-

тер. Атаулық тіркестер, яғни лексикаланған тіркестер, тілде қоғамдық өзгерістерге орай пайда болған. Орыс тіліндегі прение - жарыс сөз, *договор* – уәде не шарт қағаз [2,67]. *Ашық хат, күн тәртібі, ұлт мәселесі, еңбек ақы, еңбек кітапшасы, темір жол, соқыр ішек, сұрау белгісі* т.б. көптеген атаулық тіркес осы орыс тілінің әсерімен пайда болған деп есептеледі.

К.Ахановтың зерттеулерінде *атаулық тіркес құрама сөз* деп аталады, оны еркін тіркеспен шатастырудың себебі олардың сыртқы ұқсастығында деп түсіндіріледі. Ұқсас болуының себебі де бір, өйткені құрама сөз шығу тегі жағынан еркін сөз тіркесіне барып тіреледі. Ғалымның тұжырымынша, еркін тіркес арасындағы бастапқы анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынас бірте-бірте күнгірттеніп, ақыр аяғында жойылады да, бүтіндей сөз тіркесі лексикаланады, соның нәтижесінде біртұтас күрделі атау (сөз) жасалады [3,76-77]. Сыңарларының арасындағы ішкі синтаксистік қатынас жойылғанымен, құрама атаудың өзінің шыққан тегімен, яғни сөз тіркесімен сырттай ұқсастығы сақталады. Бұлардың қатарына: *боз торғай, қара торғай, ащы ішек, тоқ ішек, кәрі жілік* т.б. бірліктер жатқызылады. Ғалымның құрама сөз деп отырғаны – күрделі сөздің бөлек жазылатын түрі – тіркесті түбірлер. Жоғарыда көрсетілген сөздердің қазір бірде бөлек, бірде бірге жазылып, орфографияның ғана қиындығы болмай, сөз типтеріне қатысты да әртүрлі көзқарас тудырып жүргені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, атаулық тіркестер – құрама сөздердің өзі емес, солардың үлгісімен жасалған атаулар. Олардың жасалуын қоғам қажеттілігі тудырады, бұл қатарға *төлқұжат, елтаңба, елорда, отбасы* т.б. көптеген атауларды қосуға болады. Бұлар бірден біріккен сөз үлгісінде, қалыбында жасалады, сондықтан бірге жазылады, сөзжасамдық уәжі, жолы айқын болғандықтан, күмәнді пікір туғызбайды. Ал осы үлгідегі сөздердің тұлғасына зер сала қарағанда, сыңарлар арасындағы ықшамдалудың із-үлгісін айқын аңғаруға болады. Бұл мәселеге орай, Қ.Жұбановтың «ерте құралып, арасының жігін жоғалтып кеткен сөздерді кіріккен сөздердің *көнесі* дейміз. Жаңадан құралып, әлі жігін жоғалтпағандарын – *жаңасы* дейміз» [4,170], - дейтін түсініктемесін келтіру орынды. Мұндағы «көнесі» - ұзақ уақыт бойы қолдану үстінде лексикаланып, сыңарларының тұлғасын өзгертіп алғандары (*белбеу, омырау, күндіз, ашудас* т.б.), ал «жаңасы» - осы үлгіде жасалған жаңа атаулар (*жермай, бесжылдық, күнбағыс, асқабақ* т.б.). Ғалым осы соңғыларының әртүрлі жазылып жүргенін де

ескертеді. Қалай жазылса да, атаулық тіркес (құрама сөз) аталатын топқа жататын бірліктердің ішкі грамматикалық қатынасы жойылған, олар жиналып, тұтасып бір ғана ұғым атауын жасайды. Ішкі мағыналық байланыстың жойылуы лексикалану үдерісінсіз өтпейді.

Аталған бірліктердің *көнесі* (ішінара жаңасы да) бастапқыда зат, құбылыстың ерекше белгісін, айырықша қасиетін білдіру үшін қолданылған. Түркі тілдерінің, қазақ тілінің белгілі заттың басқа зат, құбылыстан өзгешелігін көрсету үшін қолданылатын тәсілінің негізгісі – анықтауыштық қатынас. Мысалы, *қарлығаш* (қара ала құс), *көкжөтел* (көк жөтел), *биыл* (бұл жыл), *ала-өкпе* (алаөкпе) т.б. бірліктердің бірінші сыңарлары зат құбылыстың өзгешелігін көрсету, ажырату мақсатында қолданыла келе, тұтастыққа айналған. *Көкжөтел, алаөкпе* → ауру аттары. Жөтелдің түрі көп, соның ішінде ұзаққа созылатын, адам жөтелген кезде дем ала алмай көгеріп кететін түрі, сондықтан халық емдік заттарды көк түспен байланыстырады. Мұндай атаулардың қалыптасуының тереңінде адамның танымдық ақпараты жатқаны анық, лексикалануға жетелейтін де аялық білімдер жиынтығы. С.Исаев осы мәселе бойынша, «Атаулық тіркестердің басыңқы немесе тіркес құрауға ұйытқы сөзі көрініп тұрады. Ол негізінен анықталушы сөз болады» [2,13], - деген түйін жасайды. Тіркес осы ұйытқы сөз атайтын зат, құбылыстың қасиеттерін даралау үшін құралады. *Алтыбақан* – алты бақанның басын үш-үштен біріктіріп, арқан байлап, әткеншек теуіп ойнайтын ойын аты; *атауыз* – аттың аузына ұқсайтын өрнек; *аққала* – қардан жасайтын тосқауыл, қоршау (ҚТТС, 1) аталатын бірліктердің анықтауыштық қатынас арқылы берілетін сандық, ұқсастық, қызметтік мағыналары сол заттың атауына айналуына уәж болған. Мұндай тіркестер толықтауыштық (*орынбасар*), пысықтауыштық (*айналсоқтау*) қатынастарда да құралады, дегенмен анықтауыштық қатынас жиі кездеседі.

Тірек (ұйытқы) сөздің көрініп тұруы атаулық тіркестердің басқа тіркес атаулыдан айырмашылығын тануға мүмкіндік береді:

- атаулық мәндегі тіркестердің тұтас мағынасы сыңарлар мағынасының қосындысынан шығады, яғни зат, құбылыстың табиғатында екі сыңардың да мағыналық белгілері болады (*қаптесер, тасбақа, жермай, жерсағыз* т.б.);

- атаулық тіркестер көп жағдайда терминдік сипатта келеді, тура мағынада жұмсалады, зат, құбылыстың бірден-бір атауы; синонимі болмайды;

- атаулық тіркестер зат атауы ретінде тек номинативті қызмет атқарады [3,71], фразеологизмдердегідей эмоционалды-экспрессивті қызмет жоқ, рең, бояу болуы мүмкін;

- атаулық тіркестер фразеологизмдерге тән *семантикалық* тұтастық, *морфологиялық* тұтастық, *синтаксистік* тұтастық белгілеріне ие, морфологиялық, синтаксистік жағынан мүшеленбеуі семантикасына байланысты, семантикалық жақтан бөлінбеу лексикалану арқылы жүзеге асады, соның нәтижесінде тіркес *лексема* деңгейіне көтеріледі;

- олай болса, тілде номинативті тіркес, атаулық тіркес аталып жүргендердің бәрін өз атымен атаған жөн; бұлар – лексикалану

нәтижесінде және осы үлгіде қалыптасқан сөзжасам моделі арқылы жасалған тілдік бірліктер – күрделі сөздер, олардың сыңарларының арасындағы лексикалану үдерісі қолданыс

қажеттілігіне қарай жүре беруі де мүмкін; күрделі сөздердің түрі белгілі болғанымен, олардың бірге жазылуы, бөлек жазылуы, қосарлануы мәселесін де қолданыс жиілігі айқындайды.

Анықтауыштық қатынастағы тіркестердің лексикалануы түркі тілдері сөздік құрамын байытудың бір жолы саналады [5,57], көп жағдайда мұндай үлгідегі сөздердің қолданысқа енуі белсенді түрде жүретіндіктен, зерттеушілер назарын да көбірек аударады.

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. –А., 1987. – 272б.

2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің Совет дәуірінде дамуы. – А.; Мектеп, 1973. – 195б.

3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – А.; Мектеп, 1972. – 215б.

4. Жұбанов Қ. Қазақ тіліндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты., 2010. – 608б.

5. Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. – М.; Наука, 1979. – 274.

Sulaimankulova Anipa

EXPRESSIVER SPRECHAKT „ENTSCULDIGUNG“ IM DEUTSCHEN UND KIRGISISCHEN

Eine Kommunikation besteht meist in einer Folge von Sprechakten. Im Zentrum der Sprechakttheorie steht der Handlungsakt sprachlicher Äußerungen. Diese sprachlichen Äußerungen werden in einige Klassen eingeteilt. Searle postuliert, dass es nur fünf grundlegende Handlungsarten gäbe. wie: Repräsentativa, Direktiva, Kommissiva, Deklarativa, Expressiva (Searle,1972). Searle ordnet Entschuldigungen der Klasse „Expressiva“ zu. In einem expressiven Sprechakt gibt der Sprecher seinem psychischen Zustand bezüglich eines Sachverhalts Ausdruck.

Die in den Wörterbüchern angeführten Definitionen für den Begriff „Entschuldigung“ sind nicht einheitlich. Der Duden, Deutsches Universalwörterbuch (2003:471) schlägt folgende Definition vor:

„Begründung, Rechtfertigung für einen Fehler, ein Versäumnis“- „Mitteilung darüber, nicht anwesend sein, nicht teilnehmen zu können.“ Nachsicht, Verständnis für jmds. Fehler, falsches Verhalten“- „Äußerung oder Höflichkeitsformel, mit der jmd. um Nachsicht, Verständnis bittet“.

Laut Jochen Rehbein ist die Entschuldigung - eine kommunikative Handlung, in der jemand (...)

zugibt, dass die intendierte Handlung schlecht war (...) aber im Allgemeinen nicht die volle Verantwortung für die Handlung übernimmt. Sie ist verbunden mit der Aufforderung an den Geschädigten (a), den Täter seinerseits aus der Verantwortung zu entlassen, (d.h. ihn zu entschuldigen). Der Defendent akzeptiert also die Deutung des Sachverhalts (...) bittet aber um die Aufhebung der mit seiner Handlung mit übernommenen sozialen Konsequenzen.

(Rehbein,1972:306).

Der Sprechakt der Entschuldigung weist mehrere Aspekte auf. Die Realisierung in der Alltagskommunikation zeigt, dass diese Sprechhandlung unterschiedliche Bedeutungen und Funktionen haben kann. Je nach der Interaktionssituation kann die Entschuldigungshandlung eine Handlung des Bedauerns oder eine Rechtfertigung für eigenes Handeln bzw. für eigenes Fehlverhalten darstellen. Die Rechtfertigung ist ein ACCOUNT, indem der Täter die Verantwortung für seine Handlung übernimmt, aber Gründe dafür anführt, warum er die pejorative Einschätzung seitens des Interaktanten nicht teilt. (Rehbein, 1972:310).